

«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Алтайқызы Айкерімнің «Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені: Қазақстан және АҚШ тәжірибесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Қазіргі таңда діни және дінтанулық білім беру мәселесінде философиялық тұжырымдаманы зерттеу өзекті болып табылады, себебі мұндай тұжырымдама постмодерн дәуіріндегі қазақстандық және әлемдік тәжірибені ғана емес, біздің қоғам үшін діни және дінтанулық білім берудің деңгейі мен мәнін анықтауға, оның болашақтағы өзгеру үрдістеріне болжам жасауға мүмкіндік береді. Осы орайда Алтайқызы Айкерімнің «Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені: Қазақстан және АҚШ тәжірибесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы өзекті болып табылады.

Зерттеу жұмысының құрылымы: «Дін және білім беру: теологиялық және зайырлылық тұрғыдан», «Дәстүр аясындағы діни білім беру феномені», «Исламдағы білім беру тәжірибелері» және «Діни білім беру және постмодерн» атты өзара қисынды сабақтастықта құрылған төрт тараудан тұрады. Диссертациялық жұмыстың кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі толықтай ашылған, теориялық құрылым деңгейі мен дереккөздері негізделген, жұмыстың теориялық-тәжірибелік маңыздылығы, нәтижелерінің қолданылуы айқындалған. Жұмыстың мазмұны жүйелі тұтастық құрап, сілтемені келтіру барысы логикалық үйлесімділік тауып, әрбір тарау, бөлім соңында тұжырымдар, қорытындыларға келіп, кәсіби шеберлік танытқан.

Алтайқызы Айкерім «Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені: Қазақстан және АҚШ тәжірибесі» атты диссертациялық жұмысын жазу барысында көне түркі, ортағасырлық қазақ ғалымдарының, батыс және шығыс зерттеушілерінің ғылыми жұмыстарын кешенді қарастырған. Постмодерн заманындағы діни білім берудің ахуалы мен феноменін айқындауда тек қазақстандық және америкалық тәжірибені ғана емес, сонымен қатар, басқа елдердің діни білім саласындағы ерекшеліктері мен оқу орындарын қарастырған.


А. Алтайқызы діни білім берудің рухани-өнегелік (діни) және зайырлы (дінтанулық) бағыттарының мәні мен маңыздылығын кеңінен аша білді. Зерттеу жұмысында қазақ даласындағы діни ағартушылық ой және білім берудің дамуы, алғашқы және қазіргі мектептер мен институттар қарастырылды. Діни білім беру әлеуметтік-мәдени феномен ретінде анықталып, оның төзімділік тәжірибесін құрастырудағы және коммуникативтік тәжірибедегі рөлі талданды. Сонымен қоса, автор ислами білім берудегі тұлғаның үздіксіз кемелденуі, ислами білім берудегі зияткерлік пен әртарапты білімділік, ислам оқу мекемелері сияқты мәселелерді қарастырды.

А. Алтайқызы диссертациялық жұмысында салыстырмалы сараптама, құрылымдық-функционалдық сараптама, жүйелік сараптама (компаративистикалық тәсілдер) әдістерін, феноменологиялық және герменевтикалық әдістерді ұтымды қолданған.

Алтайқызы Айкерімнің диссертациялық еңбегінде ғылыми материалдың шығармашылықпен игерілгендігі, терең және жеткілікті түрде талдаулар жасалғаны көрініп тұр. Автор ғылыми-зерттеу жұмысының алдына қойған мақсатына жетіп, міндеттердің шешімін таба білген. Ізденушінің диссертациялық зерттеуі ғылыми жаңалығы бар, мазмұны ашылған, толыққанды жұмыс деп тұжырымдауға болады.

Қорыта келе, Алтайқызы Айкерімнің «Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені: Қазақстан және АҚШ тәжірибесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы талаптарға сәйкес орындалған, қорғауға ұсынуға және «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп бағалаймын.

Отандық ғылыми кеңесші:
PhD докторы,
қауымдастырылған профессор



Ш.М. Жандосова

